

Тағылымды кеш өтті

Арқалықтағы облыстық қазақ жасөспірімдер театрында жерлесіміз, партия, кеңес қызметінің ардагері О. Мұқатұлының туғанына 100 жыл толуына орай «Тәңірдің құлы, Торғайдың ұлы» атты еске алу кеші өткізілді.

Тағылымды шараға марқұмның туған - туыстары, көзкөрген, қызметтес болған замандастары және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Оразбай Мұқатұлы кезінде Жанкелдин аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, ұжымшар басқармасының орынбасары, партия ұйымының хатшысы, селдолоқ кеңес, жұмысшылар комитетінің төрағасы болып қызмет істеген. Облыстық «Болшевиктік жол» (қазіргі «Қостанай таңы»), аудандық «Социалистік ауыл» («Біздің Торғай») газеттерінің белсенді қоғамдық тілшісі болған.

Кеш қонақтары ең алдымен театр фоеесіне қойылған арнайы көрмені тамашалады. Көрмеге тарихи



тұлғаның фотосуреттері, құжаттары, газеттерде жарияланған мақалалары, марапаттары қойылды.

Кешті жүргізуші баласы, бел-

гілі ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатов

аленімен ашты.

Үлкейтілген портретіне төрінен орын берген киелі шаңырақта Оразбай Мұқатұлының «Тәңірдің құлымын, Торғайдың ұлымын» және Нағашыбай Мұқатовтың әжесінің жүз жылдығына орай шығарған «Оразбайдың он баласы» атты қос кітаптың тұсауыесері өтті.

Кітаптың біріне ардагердің мақалалары, естеліктері, өлеңдері еңсе, деректі әңгімелерден құралған бірінде аты айтып тұрғандай он бала яғни, бес ұл, бес қыздың балалық шағы, бастан кешкен елеулі сәттері, өсіп - өну жолдары баяндалады.

Демеушілердің көмегімен жарық көрген туындылар Алматы қаласындағы «Тоганай Т» баспасынан басылып шыққан.

Салтанатты шақта қалалық маслихаттың хатшысы Гүлбану Елтебаева, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Гаппасұлы, туыстарының атынан Астана қаласында тұратын еңбек ардагері Карімжан Бекболатов, құдасы, Ахметтанушы Ибраһим Ағытаев, ізін басқан інілері Ми-

раш қажы Тәшевтов, Айдарбек Көшекөв, Қазақстанның «Құрметті журналисті» Жақсылық Жүнісұлы құттықтау сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді.

«Орғаға сыйлы Орекең» атты бейнетаспа көрсетілді. Ұрпақтарының күшімен концерт берілді. Балалары, немере - шөберелері кеш кейіпкерінің сүйіп айтатын әндерін орындады. «Елу жылдан кейінгі естелік» - деп кеш жүргізушісінің моңғалмен сүйемелдеуімен қызы, атақты әнші ҚР Мәдениет қайраткері Отарқұл Мұқатова ән шаарқанды.

Көңілге із қалдырған әсерлі кеш жергілікті композитор Қажымұрат Баймұсаевтың Оразбай баласы, ҚР «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» Амантай Мұқатовтың сөзіне жазылған «Жаса Торғай!» әнімен қорытылды.

Шара барысында марқұмның бейітіне зиярат етіліп, «Сайора» дәмханасында үлкен ас берілді. Кітаптар тартылып, әруақтарға арналып құран бағышталды.

«Торғай - ақпарат»

Заңғар спортшыны еске алу турнирі өтті

Зіл көтеруден Қазақстанның 6 дүркін чемпионы, КСРО –ның спорт шебері - Гайдар САРЖАНОВТЫ заңғар спортшы деуге толық негіз бар. Талантты спортшының рухын асқақтатар шаралар – қаламызда ұйымдастырылып, жас спортшылар зіл темір көтеруден өзара кім мықтыны анықтады.

Гайдар САРЖАНОВТЫҢ туа біткен таланты, тұла бойына біткен тау қопардай күші, оны әрі қарай дамыта білген өзінің қажырлы еңбегі – оның өзін жалпақ жұртқа таныма етті, абыройын асқақтатты. Әйтпесе, Қазақстанның 6 дүркін чемпионы, КСРО –ның спорт шебері атану әркімнің басына бұйыра бермейтін бақ екені анық. Ол кісі жайындағы мағлұматқа толығырақ көздеріңіз жете түсу үшін, белгілі ақын, журналист Әбжан ӘБІПТАЙДЫҢ тау тұлғалы жерлесіміз жайында осыдан біраз жыл бұрын «Торғай таны» газетіне жарияланған «Біздің Гайдар» атты мақаласынан үзінділер келтіре кетсек. « Оны білетіндер бірауыздан біздің Гайдар дейді. Біздің Гайдарыңыз өзі айтатындай «Қайыңды» қой совхозының баласы, одан қалды сонда Батика деген кемпір бар, соның баласы, елдің айтуынша Сейткен мен Мәрттайдың баласы, тағы да Гайдарға салсаң, Қазыбектің баласы. Аласы жоқ, таласы... 8 класта оқып жүріп, сол кездің өзінде-ақ ауыл дүкенінен екі қап ұнды қолтығына қыстырып жүре беретін қасқа сол еді. Құйттайыннан МТМ-да шашылып жатқан дөңгелектерді білікке тізіп, көкке көтерді, жер иіскетті. Сөйтіп жүріп, «болар бала боғынан» дегендей (оны 9 класта-ақ мамандар байқаған), Алматының дене шынықтыру институтына қойды да кетті. Институттың бірінші курсында оқып жүріп спорт шеберінің нормативін орындау әркімнің пешенесіне жазыла бермейді. Осындай өлермендер қайда қазір?»

... Гайдар спортты ең өскен шағында, кемеліне келіп, енді-енді тағы да бірдене істермін деп тұрған кезінде тастады. Оны ойласа көзіне жас үйіріледі, көмейіне сөз кептеледі... Гайдардың сахнаға (аренаға, помостқа) соңғы шығуы да сол болды. Әлемдік рекордты басына көтеріп тұрып, тастап жіберді. Бар болғаны аз ғана сәт. Соған оның жүрегі шыдағанымен, бәлі мен білеті шыдай алмай қалды-ау! Сол жарыста Гайдардың булшық еттері жыртғылып кетіп, ауруханаға түсті. Содан кейін де сол пәлене жалғастыруға болатын еді, әрине. Ол өйткені...», - деп жазған екен қаламгер.



кен жетістіктеріне тоқталсақ, 1. 1973 жыл. – «Спартак» қоғамының біріншілігі, 9-класс (95 кг. – серпу, 127 кг. – жүлду, 1-орын). 2. 1974 ж. Павлодар қаласы. Спорттық шеберлікті жетілдірудің жоғары мектептері арасындағы біріншілік. 10-класс (110 кг. – серпу, 140 кг. – жүлду). 3. 1974 ж. Қазақстан Республикасының біріншілігі. Степногорск. 3-орын. 4. 1974 ж. Қарағанды. Одақтық студенттер ойыны. (75 кг. салмақта 1-орын). 5. 1974 ж. Қазақстанның жастар арасындағы чемпионаты, Шымкент. (Мұнда Гайдар серпуден 133,5 кг. салмақ көтеріп, өзіне дейін сегіз жыл тұрған Қазақстанның ересектер арасындағы рекордын жаңартты). 6. 1975 ж. Студенттердің Бүкілодақтық ойындары. Магнитогорск. КСРО спорт шеберлігінің нормативін орындау. 7. 1977 ж. Қазақстан чемпионаты. Жастардың студенттік ойындарының бағдарламасы бойынша. Шымкент. 1-орын. 8. 1977 ж. Бүкілодақтық жастар ойындары. Минск. 1-орын, ересектер бағдарламасы бойынша 2-орын. 9. 1977 ж. – «Спартак» орталық қоғамының біріншілігі. 1-орын. 10. 1977 ж. – Жоғары оқу орындары арасындағы республика біріншілігі. Қарағанды. Жеңімпаз. 11. Тағы да «Спартак» қоғамы бойынша жартылай орта салмақтағы чемпион. 1977 ж. Витевск облысындағы Новополюск қаласы. 12. 1977 ж. Халықаралық жарыс. Стамбул, Түркия, II-орын. 13.

III-орын. 14. 1978 ж. Халықаралық жарыс. Батыс Германия, Мюнхен. I-орын. 15. 1978 ж. Халықаралық жарыс. Моңғол Халық Республикасы, Улан-Батор. I-орын. 16. Халықаралық жарыс. Болгария. 3-орын. 17. Халықаралық жарыс. Польша. Анжей Чеховскийден кейін 2-орын. 18. 1976 ж. КСРО-ның жастар арасындағы біріншілігі. Мұнда Гайдар Ю.Варданның сияқты әлемнің Олимпиаданың болашақ чемпиондарын артқа тастап, бірінші орын алды. 19. Қазақстан Республикасының біріншілігі. Шымкент. Жеңімпаз. Серпе көтеруден 140,5 кг. көтеріп, тағы да Қазақстан рекордын жаңартты. 20. Қазақстан біріншілігі. Қарағанды. I-орын. 21. Жастар арасындағы одақтық біріншілік. Вильнюс. I-орын. Осыдан ақ, жерлесіміздің спортта өзіндік биік қолтаңбасын қалдырып кеткенін аңғару қиын емес.

Енді Гайдар САРЖАНОВТЫ еске алуға арналған зіл темір көтеруден өткен облыстық турнир нәтижесіне тоқталсақ. Турнирдің ауқымы облыстық болғанымен, мұнда Алматы қаласынан да спортшылар қатысқанын айта кетейік. Сонымен жарысқа Алматыдан, Қостанай қаласы мен Қостанай ауданынан, Әулиекөл, Жарқайың мен Атбасар аудандарынан зіл теміршілер арнайы келді. Турнирді ұйымдастырушы Гайдар САРЖАНОВТЫҢ Қобыланды ЕСМАРАМБЕТОВ бастаған ұрпақтары, жерлестері. Бұл іске Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы да өз үлестерін қосты. Бас төреші және ұйымдастырушылардың қатарында аталған спорт мектебінің жаттықтырушысы Күнтуар ЖӘНКІШЕВ бар.

Турнирде ардагер спортшылар да өнер көрсетіп, көрменнің ықыласына бөленді. Олар: Астанадан 61 жасар Тұрмағанбет ИМАНБАЕВ, Сапабек СӘМЕНОВ, Жарқайыңнан 66 жастағы Асқар ӘЛ-КЕШОВ, Арқалықтан 57 жастағы Айдар ЕСМАРАМБЕТОВ және 56 жастағы Күнтуар ЖӘНКІШЕВ.

Тартысты бәсекеде чемпион атанған спортшыларымыздың есімімен таныстыра кетсек. Арқалықтан Ернар МАҚАТАЙ 34 келі, Александр ТРИНКО 38 келі, Әулиекөл ауданы, Шалқар СЕРІК 42 келі, Арқалық, Алексей ЧУРКАН 46 келі, Әулиекөл, Қайнар ГАЙДАР 50 келі, Алматы, Жаңабек ҚАБИДОЛЛА, 56 келі, Арқалық, Нұрдәулет ЕРКЕНОВ, 62 келі, Арқалық, Аян БАЙЗАҚОВ, 69 келі, Арқалық, Ерболат БАЛҒАБАЕВ 69+ келі, Арқалық қаласынан. Ал, қыздар арасында Лунара СҮЙІНГЕРИНА 40 келі, Арқалық, Айгүл БЕЙСЕНОВА, 63 келі, Арқалық қаласы. Жеңімпаздар мен ардагерлерге ақшалай сыйлықтар, турнирдің арнайы дайындалған медалі табыс етті.

Қалың қалай, қарт жауынгер?!

Адамзаттың қанын суша ағызған екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына да - 73 жыл толды. Жазықсыз миллиондардың тағдырын жалмап, тағы соншасын зәр жылатқан сұм соғыс - адамзат тарихындағы қара дақ болып мәңгіге қалары анық. Ал, сол соғыстың өртен тұтатқан фашистік Германияға қарсы қару алып, Ұлы Отан соғысы деп аталған қан майданда шайқасқан бабаларымыздың ерлігі ұрпаққа өнеге. Олардың қан майданда қаза болғандарының рухына тағзым етіп, арамызда жүргендеріне құрмет көрсету бізге міндет.

Ұлы Отан соғысының зардабы - Фашистік зұлматтың құрығына ілінген өзге елдермен бірге - Қазақстанға да өте ауыр тиді. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, соғыстың алдында Қазақстанда 6,2 млн. адам тұрған. Сурапыл жылдары қолына қару алып, майданға 1,9 млн. адам аттаныпты. Сталиндік тәртіп 1916 жылы патша үкіметінің тәжірибесін пайдаланып, арнайы құрышыс батальондарын да құрған. Бұл батальондар Орта Азия және Қазақстанның жергілікті халқынан және құтқын-сүрінге түскен халықтар-



дан жасақталды. Қазақстаннан әскери комиссариат арқылы еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Осылайша әрбір төртінші қазақстандық қорға-

ныс және майдан нысандарына тартылған. Кей мәліметтерге сай Ұлы Отан соғысында қаза болған қазақстандықтар - 601 000 адам болса, оның 350 мыңынан астамы

қазақтар. Бұл қолта қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны. Егер осы тұстағы халықтың жалпы саны мен соғыста қаза тапқан өкілдердің санына

шағытын болсақ, қандастарымыздың шынығы көрініс өзбек, татар, азербайжан, грузиндерден анағұрлым жоғары.

Жалғасы 3 бетте